Тауар нарықтарына кіру кедергілерін анықтау және жою жөніндегі кеңес отырысының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Тараз қаласы *28.01.2025 ж*

Төраға Мухиев Д.К. – директор «Мухиев Д» ЖК

Кеңес Хатшысы Оспанова Л.А. - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бәсекелестікті дамыту бөлімінің басшысы

Кеңес мүшелері: Ж.Қ.Әзімов - ҚР БҚДА Жамбыл облысы бойынша Департаментінің басшысы, С.К.Үрпеков – «ОРЦ Тараз» ЖШС басшысы, А.Д. Жиеналиев – «Фиркан» ЖК Басқарушы директоры, В.А.Пак – «Табыс-Цемент» жеке кәсіпкері, А.Ж. Маханбаев - Қатты тұрмыстық қалдықтарды шығаратын кәсіпкерлер қауымдастығының» басшысы, Л.А.Айдаров - «Бизнесті индустрияландыруға жәрдемдесу палатасы» «ЗТБ Қауымдастығының басқарма төрағасы, Федорова И.Г. - Жамбыл облысы бойынша «Азаматтық құқықтарды қорғау комитеті» ҚБ басшысы, Ким М.Б. - «Агрессивті культтерді зерттеу» ҚБ төрағасының міндетін атқарушы, «Бітімгер-Ел» медиация орталығы мен «Құқық» қоғамдық қоры басшысының орынбасары, Т.О. Көпелбек – «Садыхан» ОКДМО эпидемиолог дәрігері, М.М. Бекпенбетов – Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөлімінің 1-санаттағы сарапшысы.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес мүшелерінің құрамын жаңарту қажеттілігі туралы.

Кеңес отырысын Азимов Ж.К. ашып, Кеңес құрамын жаңарту қажеттігін хабарлады. Ол 2024 жылы кейбір Кеңес мүшелері жұмысбастылыққа байланысты бірнеше мәрте отырыстарға қатыспағанын атап өтті. Сондай-ақ, Департаментке Жамбыл облысының өңірлік кәсіпкерлер палатасынан Кеңес құрамына Палатаның салалық бөлімдерінің қызметкерлерін енгізу туралы ұсынысы бар хат келіп түскені хабарланды.

Тауар нарығына кіру кедергілері мәселелерін қарау сапасын арттыру мақсатында, Кеңес мүшелері Кеңес құрамын Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасынан ұсынылған кандидаттарды ескере отырып жаңарту қажеттігі туралы шешім қабылдады.

Хатшы **Л.Оспанова**